Модульдік оқыту технологиясының мазмұны.

1. Модульдік оқыту технологиясының құрылымы.

2. Оқу модулінің кіріспе бөлімі.
3. Оқу модулінің диалогтік бөлімі.
4. Диалогтік бөлімді айқындаудың негізгі этаптары.
5. Диалогтік бөлімді құру принциптері.
6. Танымдық іс-әрекеттерін ұйымдастыруда оқушылардың білімділік дәрежесін есепке алу.
7. Шығармашылық және технология.
8. Оқу модулінің диалогтік бөлімінің ерекшеліктері.

9. Психологиялық атмосфера және оның диалогтік бөлімдегі рөлі.

10. Диалогтік бөлім – оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыру.

11. Оқу модулінің қорытындысы және бақылаудың басқа түрлері. Бұл педагогикалық технологиялық негізінде “қалпына келтіре қайталай” оқыту циклының идеясы жатыр.

Оның мазмұны:

1. Оқыту мақсатын жалпы анықтау.
2. Оқыту мақсатын анықтаудан оны нақтылауға көшу.
3. Оқушылардың білімділік дәрежесін алдынала бағалау.
4. Оқыту процедураларының жиынтығы (бұл кезеңде “кері байланыс” негізінде оқыту коррекциясы орын алады).
5. Нәтижені бағалау.

Осындай құрылымына қарай оқу процесі “модульдік” сипатқа ие болады. “Модуль” – қандай да бір жүйенің бөлігі, яғни оқу процесі – ортақ құрылымы, бірақ әр түрлі мазмұны бар жекеше бөліктерден тұрады. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны оқытып қана қоймай, оның танымдық іс-әрекетін ұйымдастыруға, оқу процесін “диалогтік” қарым-қатынас негізінде құруға тырысу қажет. Модульдік оқыту технологиясының құрылымы үш бөліктен тұрады, яғни кіріспе, диалогтік және қорытынды. Әр оқу модулі әр түрлі сағат сандарынан тұрады, әрине бұл оқу бағдарламасы бойынша тарауға бөлінген сағат санына байланысты. Зерттеулер көрсеткендей, 7-12 сағаттан тұратын оқу модулі ең тиімді болып саналады.

Оқу модулінің бірінші ерекшелігі – жалпы қанша сағат бөлінсе де кіріспе бөліміне 1-2 сағат, қорытынды бөліміне 2-3 сағат беріледі де, қалған сағаттың барлығы диалогтік бөлімде игеріледі. Мысалы, оқу модуліне 9 сағат жоспарланса, 1 сағаты – кіріспе бөліміне, 2 сағаты – қорытындыға, қалған 6 сағаты – диалогтік бөлімге берілуі керек. Егер оқу модулі 12 сағаттан тұрса 1 және 3 бөлімдегі сағат сандары өзгеріссіз қалады да, “диалогтік” бөлімге 9 сағат беріледі. Бұл оқу материалын барлық оқушылардың 3 деңгейді күрделілікте өз деңгейіне сай оқып меңгеру қажеттілігіне байланысты. Яғни оқу модулінің мазмұны бойынша оқушылар қарапайым білім, білік, дағдылы меңгеруден бастап “білімді көшіру” немесе пайдалануға дейінгі машықтарын көрсете білу керек. Бірнеше рет қайталау – қарапайымнан күрделіге қарай, репродуктивті тапсырмалардан шығармашылық ізденіске дейін итермелейді. Бұл әр оқушыға оқу материалын “түсіну” деңгейінен білімді көшіру деңгейіне дейін меңгеруге мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, болашақ мамандарды даярлауда ақпараттық технологияларды кеңінен пайдалану негізінде ұйымдастырудың мақсаттарын айқындау негізінде келесі мүмкіндіктерді анықтауға болады:

- оқу процесінде ақпараттық технологияларды қолдану арқылы ақпараттық мәдениетті қалыптастыруға мүмкіндік береді;
- болашақ мамандардың кәсіби қызметтерінде

оңтайлы шешім қабылдауға дағдылану қабілеттері мен логикалық ойлауларын дамытады;

- оқушылардың білім сапасын арттыру мақсатында оқу орындарында оқытудың алғашқы қадамдарынан бастап арнайы жасалған бағдарламаланған оқулықтың оқу-әдістемелік материалдарын басшылыққа алып, өзіндік жұмысқа баулуға мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. «Білім-Образование» журналы. 2007 ж. №3,

4, 6

2. «Білім берудегі менеджмент» журналы

3. Модульное обучение. Казакова А.Г. Москва: ИПК СК. 1997 г.

4. Современные информационные технологии в образовании. Роберт И.В. Москва: Школа-Пресс, 1994 г.


5. Педагогика. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.Б. Алматы, 2002 ж.

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Жетіарал ауылы

«Жетіарал мектеп-балабақшасы» кешені»

Физика пәні мұғалімі

Мейрамбеков Елдос Мейрамбекұлы



ФИЗИКА САБАҒЫНДА ЖАҢА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Бәрімізді бүгінгі таңда алаңдататын мәселе – жас ұрпақтың сапалы білімді игеруі. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Білімді, сауатты адамдар-бұл ХХІ ғасырда адамзат дамуының негізгі қозғаушы күші» деуінің өзі үлкен көрегендіктің белгісі.

Ұлтымыздың тірегіне айналар ұрпаққа деген көзқарас Елбасымыздың білім саласына ерекше назар аударуымен айқындалып отыр. Өзекті мәселе – жас ұрпақтың Елбасы бастаған көш-керуенге кідіріссіз ілесуі. Ілесе алмаса – бізге сын. Халқымыздың тағдыры, еліміздің ертеңі жас ұрпақтың қолында.

Бүгінгі таңдағы оқыту үрдісі жаңа әдіс-тәсілдерді, жаңаша идеяларды қолдануды талап етеді. Әр мұғалім өз іс-тәжірибесінде көптеген қиындықтармен, кедергілермен кездеседі. Ол заман көшіне ілесу үшін өз білімін жетілдіріп отыруы қажет.

Қазіргі таңдағы адам ақпарат саласында қарқынды өрлеу жағдайында өсуде. Осы орайда мектеп алдындағы тұрған мақсат – оқушыларды өмір жолында туатын сұрақтарға жауаптарды өз бетімен табуға үйрету; өздерінің іс-әрекеттерінің салдарын бағалап, олар үшін жауапкершілікті ала білу, мұның өзі өмір барысында жиналатын білімнің негізі болатын өзін-өзі оқыту мен дамыту дағдыларын алуды, осы білімді шығармашылық күйде қолдана білуді білдіреді. Мектеп осы жағдайларда өз оқушыларының бойында ұтқырлық, серпінділік, сындарлылық қасиеттерін дамыта отырып, заман өзгерістеріне әзірлеуі тиіс.

Республика мұғалімдерінің педагогикалық шеберлігін дамыту жобасы Зияткерлік мектептердің мұғалімдері стратегиялық серіктестермен бірлесіп дайындаған, үздік халықаралық тәжірибелерге сай

деңгейлік оқыту бағдарламасы бойынша жалпы білім беретін мектептердің мұғалімдеріне біліктілікті жоғарлатуды ұйымдастыруды көздейді.

Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептердегі педагогтерінің біліктілігін арттыру курстары бағдарламасының өзектілігі Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасымен үйлеседі. Бағдарламада ұсынылатын әдіс-тәсілдер қазіргі кезде өзекті болып отырған жеті модульдің әрқайсысы бойынша, пәндік және жас ерекшеліктеріне байланыссыз, жалпы сипаттағы кіріспе ақпаратты ұсынуды қамтиды:

Бағдарлама келесі модульдерден тұрады:

1. Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер.
2. Сыни тұрғыдан ойлауға оқыту.
3. Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау.
4. Оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану.
5. Талантты және дарынды балаларды оқыту.
6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу.
7. Оқытудағы басқару және көшбасшылық.

Аталған модульдер арасында өзара байланыс, сабақтың нәтижесін жоспарлау арқылы оларды сабақтарда тәжірибелік тұрғыдан қолдану әдіс-тәсілдері көрсетіледі.

Бағдарламаның мақсаты:

Қазақстандық мұғалімдердің қазіргі заманға сай үздік кәсіби білім алуына жағдай жасау, оған көмек беру. Сабақтарда жеті модульді кірістіре отырып, оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттыру арқылы белсенділік әрекетін дамыту, өз ойларын еркін жеткізуге үйрету, қазіргі заман талабына сай жеке тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

- жаңа әдіс-тәсілдер бойынша негізгі теориялық білімдерін қалыптастыру;
- осы алған білімдерін сабақ үдерісінде тиімді және ұтымды пайдалануына жол сілтеу және оны іс-жүзінде іске асырылуына жағдай жасау;
- отандық мұғалімдер арасында кәсіби қоғамдастық құрып, оның белсенді жұмыс істеуіне дайындау.

Бағдарламаның нәтижесі:

- жеті модуль бойынша негізгі тұжырымдамалық білімдерін және тәжірибелік дағдылардың қалыптасуы;
- өзіннің іс-жүзінде асырылған тәжірибесіне сыни тұрғыдан қарап ойлану, яғни рефлексия жаза алуы;
- мектеп мұғалімдері арасында құрылған қауымдастықтың жұмысына белсенді қатыса алауы.

Сонымен, менің мақсатым қазіргі заманғы білім үдерісінде қолданылатын жаңа әдіс-тәсілдерді сабаққа кірістіре отырып, оқушылардың жалпы пәнге деген қызығушылықтарын арттыру арқылы белсенділік әрекетін дамыту, өз ойларын еркін жеткізуге үйрету, қазіргі заман талабына сай жеке тұлға қалыптастыру. Ойды қорытатындай болсақ, бұл бағдарламаның негізгі міндеті – қазақстандық мұғалімдерге педагогикалық тәжірибесін жетілдіру

мен өз іс-тәжірибесін бағалауға көмектесу. Осы жеті модульде қарастырылған идеялар сабақта қолданылатын жекелеген стратегиялар мен әдіс-тәсілдер жиынтығы болып өзара байланыста болады.

Енді мен өз тәжірибемнен осы жеті модульдік бағдарлама ұсынған жаңа әдіс-тәсілдердің тиімділігін төменде айтып кететін сабақтан көрсеткім келеді.

1. Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер.

Мұғалімдер қалай оқыту керек екендігін үйрету?

Бұл алдыңғы бөлімде оқыту жекелеген құбылыс немесе дағды емес, ол оқушылардың оқуға қабілетін жақсартуға мүмкіндік беретін педагогикалық тетіктердің бір кешені. Оларға мыналар жатады:

- оқыту негізін түсіну, өмір бойы білім алу керек екендігін түсіну және оның әдіс-тәсілдерін таңдау;
- өзіннің шығармашылық таланттарын барынша пайдалану, анықтау;
- тілді, есептеуді жақсы көру;
- сандық технологияларды жақсы меңгеру.

«Қалай оқу керектігін үйрету?» арқылы сабақта жаңаша әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, мұғалім бағыт-бағдар береді, бақылайды, қадағалайды, бағалайды, өзгертеді, ал оқушы өздігінен білім алып өзін-өзі реттеуге дағдыланады, соңында оқушы қалай оқу керектігіне үйренеді, бұл жерде зерттеуге алған оқушы осының дәлелі болады.

Сыныптағы диалогтің маңыздылығы.

Ғылыми зерттеулер нәтижелер сабағында диалогтің маңыздылығы өте зор. Диалог оқушылардың пәнге қызығушылығын арттырып қана қоймай, білім деңгейлерінің жоғарлауына үлес қосады.

Диалогтік оқытуды әдіс-тәсіл арқылы оқушы топпен, жұппен жұмыс жасау арқылы бір-бірінің ойын тындап, талқылайды, өз ойын ортаға салады, саралайды, тұжырымдайды, физика сабағы болғандықтан, диалог көбінесе дәстүрлі сабақтарда көп көңіл бөлінеді, ал қазір міндетті түрде әр сабақтарда орын алуы тиіс, өйткені оқушыларды физика тілінде сөйлеуге дағдыландыруымыз керек. Көбінесе мен әңгіме-дебат, топтық әңгіме және зерттеушілік әңгіме түрлерін қолданамын.

2. Сыни тұрғыдан ойлауға оқыту.

Сыни тұрғыдан ойлау – бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, бағалауға, талдауға және синтездеуге бағытталған пәндік шешім. Мақсатым - барлық жастағы оқушыларға кез келген мазмұны сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға сабақтарда үйрету.

Осы бағдарламаның ішіндегі ең оңтайлысы, менің ойымша, сыни тұрғыдан ойлау модуліне негізделер едім, Неге? Өйткені, сабақ бойы оқушылар өздерінің түсінуі, ұғынуы сыни тұрғыдан ойлануға әкеп соқтырады. Тақырыпты ашуда коллаж жасау, тірек сызбаларды құру, екі ұғымның айырмашылығы мен ұқсастықтарын салыстыру, ой қозғау, ұғымдарды ой елегінен өткізу, сонымен қатар, «Тұжырымдамалық карта», «Т-кестесі», «Өзіндік ойын» деген әдістерді қолдандым.

Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету модулінің көптеген стратегияларын қолданамын.

3. Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау.

Сыныптағы бағалау тек қана техникалық тәсіл емес, бұл мұғалімдердің жазбаша немесе ауызша түрде баға қою жолымен бағаланады (Александр, 2001). Әр оқушы сабақ бойы қалай жұмыс жасағанын білу үшін, ол нені түсінді, ол өзі үшін нені қажетті деп алды. Ол өзін ғана емес, өзгені де бағалай алуы керектігін түсінуі тиіс.

Мұғалімдер оқушылардың түрлі пән салаларын зерделеу кезінде олардың барлық мүмкіндіктерін дамытуға барынша көмек көрсету үшін оқуға қажетті барлық мүмкіндіктерді қабылдауға көмектесе алатындай етіп «кері байланысты» пайдалану арқылы оқыту үшін бағалауды енгізуге болатындығының дәлелдемесі бар. Оқу ондағы оқушылар қазіргі кезде қайда орналасқандығын және олар қайда бағытталғандығын, бір орнынан басқа орынға қалай жететіндігін білетін саяхат ретінде қарастырылуы мүмкін.

Бұл оқу саяхатында көмектесу үшін, мұғалім оқушылармен өзара байланысуы керек, әр оқушының жетістіктері туралы мәліметтерді жинауы керек, оқушы қаншалықты жақсы оқитындығы туралы қорытынды шығарып, кейін әр оқушыға алға ұмтылуға көмек көрсету үшін белгіленген жеке кері байланысты қамтамасыз етуі керек.

4. Оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану.

Оқушылардың ақпараттық құзырлығы мен ақпараттық мәдениетін қалыптастыру қазіргі таңда үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесіндегі ең көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр. Физика сабақтарында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың тиімділігі:

- оқушының өз бетімен жұмысы;
- аз уақытта көп білім алып, уақытты үнемдеу;
- білім-білік дағдыларын тест тапсырмалары арқылы тексеру;
- шығармашылық есептер шығару кезінде физикалық құбылыстарды түсіндіру арқылы жүзеге асыру;
- қашықтықтан білім алу мүмкіндігінің туындауы;
- қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі;
- экономикалық тиімділігі;
- іс-әрекет, қимылды қажет ететін пәндер мен тапсырмаларды оқып үйрену;
- қарапайым көзбен көріп, қолмен ұстап сезіну немесе құлақ пен есту мүмкіндіктері болмайтын табиғаттың таңғажайып процестерімен әр түрлі тәжірибе нәтижелерін көріп, сезіну мүмкіндігі;
- оқушының ой-өрісін дүниетанымын кеңейтуге де ықпалы зор.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияны пайдалану оқытудың тиімді әдістерінің бірі деп ойлаймын.

Физикалық процестер мен құбылыстарды модельдеу оқу процесін дамыту мен жетілдірудің болашағы болып табылады, әсіресе оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттыруда, зерттеу

жұмыстарын дамытудағы ролі ерекше.

Электрондық оқулықтың тиімділігі де өте зор. Электрондық оқу құралы – бұл оқу курсының ең маңызды бөлімдерін, сонымен бірге есептер жинағы, анықтамалар, энциклопедиялар, карталар, атластар, оқу эксперименттерін жүргізу нұсқаулары, практикумға, курстық және дипломдық жобаларға нұсқау және т.б. білім беруді басқаратын мемлекеттік органдар тағайындаған арнайы статусы бар берілген түрдегі баспаларды қамтитын электрондық оқу басылымы.

5. Талантты және дарынды балаларды оқыту.

Талантты және дарынды балаларды анықтауға сауалнама жасауға, бағдарлама құруға және баланың білімін жетілдіруде қандай жұмыстар жасау керектігі жайында пікір алмасу. Дарынды және талантты балаларды анықтауда критерий құрдым.

Мұғалімнің педагогикалық шеберлігінің негізгі өлшемдерінің бірі – оқушының өзіндік танымдық жұмысын ұйымдастыру, ал екіншісі оқушының өздігінен оқып, ой-өрісін тереңдетуге баулу, ғылыми ізденіске жетелеу.

Сондықтан мұғалімнің ең басты міндеті-рухани бай, жан-жақты дамыған дарынды тұлға қалыптастыру. Мектеп қабырғасында оқушының шығармашылық қабілетін дамытуға мән берілуі тиіс. Талантты дер кезінде танып, дарынды таңдап және олардың бойындағы ерекше қасиетті бағалап, өмірден өз орындарын табуға көмектесу қажет.

Дарынды балаларды іздеу – арнайы бағдарламалар бойынша кезеңді түрде жүргізілуі қажет екені жайлы «Талантты және дарынды балаларға білім беру» модулінде айтылған.

6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу.

Осы модуль дарынды және талантты балаларды оқыту модулімен тығыз байланысты. Бұл модуль балалардың дамуының оқуда қолжетімдік дәрежесін анықтайды. Балалардың жас ерекшеліктеріне сай берілген диалог стратегиясы да әр жастағы балалар мүмкіндігіне сай берілуі керек. Сонымен қатар, ауыл мектептерінде кездесетін жас шамалары әр түрлі сыныптарда тиімді оқыту қарастырылып отыр. Оқушылардың оқуға деген қабілеттілігі, зейіні, сөйлеу дағдыларын, шығармашылық қабілеттерін дамытуға қатысты білім берілуі керек. Осында біз негізінен оқушылардың өзін – өзі бағалауына ерекше назар аударуымыз қажет.

7. Оқытудағы басқару және көшбасшылық.

Менің ойымша, педагогикалық дамуды қамтамасыз ету үшін терең кәсіби біліктілік керек. Осының негізінде қоғамдастықтың бір бөлігі көшбасшы мұғалім болып табылады. Білім беру сияқты көшбасшылық та адамның тұрақты дамуына әкелетін негізгі қабілеті болып табылады. Мұғалімнің көшбасшылығын дамытуға әсер ететін ерекше факторларға мыналар жатады: іс-тәжірибені жетілдіру жұмыстарын өз қолына алу, өзгерістер енгізу, бірігіп жұмыс істеу фактілерін жинау, кәсіби білімді құру. «Мұғалім – дамыту жұмысының

көшбасшысы» түсінігінде құрылған. Әріптестер арасындағы пікірталас, оқушылардың өздерінің іс-тәжірибелері туралы ойларын жинау, әріптестерімен тәжірибе алмасу мақсатында, басқа сыныптардың сабақтарына қатысу.

Ең алғашқы қадам әрбір ұстаз үшін маңызды шешімдерді талап ететін құндылықтар мен мәселелерді анықтау. Келесі қадам – өзгерістер туралы әріптестерінің кеңестері. Егер де келісу мен кеңесу тиімді болса, даму жұмысы жоспар бойынша жүзеге асады. Бұл үдеріс жалпы төмендегідей кезеңдерден тұрады: құндылықтарды анықтау, кәсіби міндеттерді анықтау, дамыту бағдарламасын құру, атқарылатын жұмыстар жоспарын құру, жоспар құруға арналған кеңестер, зерттеуге негізделген көшбасшылықты дамыту, кәсіби білімдердің дамуына әсер ететін қоғамдағы жұмыс. Осы модульдің нәтижесі әрдайым практикалық бағытта болады: олар тәжірибедегі өзгерістер, оқыту мен білім берудің жаңа әдістері. Егер де осы жұмыс басынан бастап нәтижелі болса, әріптестерін қызықтыра алса, бұл өзгерістер мектепте де кеңінен қолдау табады. Яғни, мектеп басқаша жұмыс істеуге үйренеді. Менің ойымша, бірлесе жасаған жұмыстар өз мектебінде тәжірибені таратуға ғана емес, сонымен қатар басқа да ұстаздардың кәсіби білімінің негізін құрауға көмектеседі деп ойлаймын. Білім арқылы ғана ізгілікті бола алады.

Жаңа технологияны қолдануда оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, үлкен ізденіспен, шығармашылыққа жетелеуге де болады. Нәтижесінде оқушы:

- компьютерде еркін жұмыс жасайды;
- оқыту процесінде жаңа технологияларды қолдана отырып білімін шындайды;
- жаңа оқыту үрдісін қалыптастырады;
- өздігінен ізденімпаздық қабілеті артады;
- ақпараттық сауаттылығы мен ақпараттық мәдениеті қалыптасады.

Әдіс-тәсілдердің нәтижесі:

Осы керемет жеті модульдің әдіс-тәсілдерді пайдалануда оқушылар өз пікірлерін дәлелдеуге, қорытынды жасау, өз ойларын қысқаша, дәл және нақты жасауға көмектеседі. Осы әдіс-тәсілдерді пайдалануда оқушылар төмендегідей нәтижеге жетеді:

Сабаққа деген ынтасы, қызығушылығы артады.

Оқушылар өз бетімен іздену жолдарын үйренеді.

Өз ойын схема, кесте, суреттер, физикалық тәжірибелерді пайдалану арқылы еркін жеткізеді.

Физикалық тілде сөйлеу мәдениетін дамытады.

Ізденуі іс-әрекеті қалыптасады.

Оқушылардың өз бетімен жұмыс жасау ынтасы оянады.

Зертханалық және сарамандық жұмыстарды өз бетінше жасауға дағдыланады.

Қорыта айтқанда, бүгінгі сабақ кешегі сабақтан өзгеше, ал ертеңгі сабақ бүгінгі сабақтан жақсы болуы тиіс. Осылайша физиканың негізгі заңдылықтары мен құбылыстарын өмірмен байланыстыра қызықты етіп беру жолдарын қарастыруға болады. Мұндай тапсырмалар оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, оларға физика заңдылықтарын өмірде кеңінен қолданылатынын да ұғындыруға мүмкіндік береді.

Осы үлгідегі оқытудың әдіс-тәсілдері оқушылардың есте сақтау қабілетін арттырып, оларды жинақылыққа, дәлдікке, шығармашылыққа баулуға көмектеседі деп ойлаймын.

Менің ойымша, осы игерген біліміме мынадай сипаттама берер едім. Оқушыларды өзгермелі өмірге дайындау арқылы жаңа заманның ағымына сай өз бетінше білім алатын, ойын еркін айтатын, өзіне сенімділігі берік, сыни тұрғыдан ойлау қабілеті дамыған, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгерген оқушы ретінде қол жеткізуге болады.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев Білім және ғылым қызметкерлерінің III съезінде: «Мұғалімдердің жаңа ұрпағы білім деңгейі жөнінен әлдеқайда жоғары болуы керек. Ол үшін жаңа формациялы педагог қажет» деген.

Жаңа формация мұғалімі – рухани дамыған әрі әлеуметтік тұрғыдан есейген, педагогикалық құралдардың барлық түрлерін шебер меңгерген білікті маман, өзін-өзі әрдайым жетілдіруге ұмтылатын шығармашыл тұлға. Ол жоғары білімді шығармашыл тұлғаны қалыптастырып, дамыту үшін жауапты.

Пайдаланылған әдебиеттер:

Мұғалімдерге арналған нұсқаулық. III деңгей. Астана. 2013.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» Дербес білім беру ұйымы оқушыларының оқу жетістіктерін критериялды бағалаудың жүйесін енгізу тұжырымдамасы. Астана. 2012.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7-желтоқсандағы № 1118 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.

Алматы қаласы Жетісу ауданы
№2 жалпы орта мектеп
Математика пәні мұғалімі
Ережімбетова Елмира Толынбекқызы

ТАҚЫРЫБЫ: МАТЕМАТИКА ПӘНІНЕН ЖАҢАРТЫЛҒАН ОҚУ МАЗМҰНЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

**«Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол үнемі жаңадан жаңаны
табатын өнер»
Жүсіпбек Аймауытов.**

Тәуелсіз ел тірегі - білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған мәселе – нәтижелі білім беру, білім сапасын арттыру және рухани дүниесі бай жан - жақты дамыған тұлға тәрбиелеу, оқытудың жаңа технологиясын енгізу, білім беруді ақпараттандыру. Бүгінгі дамыған заманда оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту білім берудің ең жоғарғы мақсаттарының бірі болып отыр.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының 8 – бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен іс - тәжірибе жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» деп атап көрсетілген.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Білім мен ғылымды өз дәрежесінде меңгерген елдер ғана әлемдік дамудың алдында болады. Ендеше біз халыққа білім беру және ғылымды дамыту, оларды реформалау ісін қарқынды жолға қоюымыз керек» деп міндеттейді. Біз осы пікірдің өзінен – ақ білім беру жүйесінің әдіс-тәсілдеріне жаңаша құрылыммен келу керектігін көреміз. Маңызды мәселелерді шешуде, жас ұрпаққа сапалы да, саналы ой еңбегіне тәрбиелеуде математиканың алатын орны ерекше. Қазіргі заман – математика ғылымының өте кең, жан-жақты тараған кезеңі. Ал, талапқа сай математикалық білім берудің басты шарты – математикалық мәдениеттіліктің деңгейін көтеру болып табылады.

Математика ең алдымен оқушылардың дұрыс ойлау мәдениетін қалыптастырады, дамытады және шыңдай түседі. Математика әлемде болып жатқан түрлі құбылыстарды, жаңалықтарды дұрыс қабылдап түсінуге көмектеседі. Математиканың болашақ тұлғаның моральдық эстетикалық және этикалық тұрғыдан да тәрбиелік мәні бар.

Қазіргі қоғамымызда болып жатқан түбірлі өзгерістерге байланысты әрбір мұғалім оқытудың

қилы әдістері мен технологияларын білуі қажет.

Әдіс дегеніміз – мұғалімнің белгілі бір мақсатқа жетудегі іс - әрекеті, ал технология – көптеген әдістердің жиынтығы.

Білім беру саласында болып жатқан реформалардың басты мақсаты: еліміздегі білім беруді әлемдік стандартқа сай деңгейге жеткізу. Сондықтан бұрынғы дәстүрлі білім беруде білім беруші мұғалім болып саналса, бүгінгі білім саласына енгізіліп жатқан сындарлы оқыту ол оқушының дамуы мен білім алуына өзара тығыз ықпалдастық пен бірлескен жұмыстар арқылы жүзеге асырылып, мұғалім сабақта бағыт беруші болып табылады. «Сындарлы оқытудың мақсаты – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез- келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету айтылғандай оқушының дамуы мен есте сақтауына ықпал ететін білім алатын ортасы мен сабақта қолданатын инновациялық тиімді әдіс-тәсілдер. Ол үшін ең алдымен өз пәнін жетік меңгерген, 40 минуттық сабағының 20-25 минутында өзі сөйлеп, өзі түсіндіріп, өзі бағалайтын мұғалімнің ұстанымын өзгерту, сындарлы оқытудың теориялық негіздерінің мақсат-міндеттері мен маңызын түсінетін, ұстанымын өзгерткен мұғалім болуы қажетті. Мұғалімнің ұстанымы оның көзқарастарын қалыптастыру барысына зор ықпал етеді, ал көзқарасы белгілі бір шешімдердің қабылдануы мен сыныптағы іс-әрекеттерді түсіндіру көзі болып табылады. Сондықтан кез-келген мұғалімнің оқыту құралдары оның өз болжамдарының, білімі мен ұстанымының, көзқарастарының жиынтығынан тұруға тиіс». Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев жолдауында айқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім», — деп атап өткендей, еліміздің болашағы мен оның дамуына үлес қосам деген әрбір патриот мұғалім сындарлы

оқытудың теориялық негіздерін оқып-үйреніп, оны сабақтарында тиімді қолданып, табысты оқытудың негізі болып саналатын Шулманның үш көмекшісі: кәсіби түсінік, оқытудың тәжірибелік дағдылары, кәсіби-адамгершілік тұтастық қасиеттерін бойына сіңіруі қажет. «Сапалы оқыту – мұғалім бейнесімен танылатын сан алуан элементтер арасындағы байланыс болып табылады, ол өзі белгілі бір деңгейде тәуелді жағдайлар жасалынған кезде жүзеге асырылады. Сапалы оқыту оқушылардың, қоршаған орта жағдайы және оқыту, білім алу мүмкіндіктерінің бірлігі ретінде қарастырылады» .

Қоғамның алға дамуы, ақпараттық технологияның өмірімізге қарыштап енуі мектептегі оқытудың да өзгеріске ұшырауы мені де ойландырып, ілгері деңгей бағдарламасы бойынша білімді жетілдіріп, оқыту бағытында жұмыстар жүргізіп келемін. Өз тәжірибемді жетілдіру мақсатында алдымен деректермен жұмыс жасауды бастап, дереккөздер : оқушылар, ата-аналар мен ұстаздардан дұрыс таңдалған сауалнамалар алу арқылы және мектептің даму жоспарындағы жылдық талдаулар нәтижесіндегі мектептің дамуына кедергі келтірген маңызды мәселелерді анықтау нәтижесінде 6 сыныптың оқуы мен оқытуын жақсартуға ықпал ететүші зерттеу сұрағым пайда болды. Басты мәселе : оқушыларға күнделікті сабақта білім деңгейін бағалайтын 5 балдық жүйенің баланың дамуына, ынтасы мен қызығушылығының артуына ықпалының жоқ екенін зерттеу сұрақтары арқылы көз жеткіздім. Енді осы кедергіден шығудың жолы сындарлы оқытудағы оқыту үшін бағалау және оқуды бағалауды сабақтарыма енгізу арқылы білім берудің сапасын арттыру болып табылды.

Осы көрсеткішті көтеру мақсатында оқу жылының басынан бастап білім сапасын ғылыми негізде көтеру тұжырымдама негізінде әр сабақты әр түрлі әдіс-тәсілді қолданып қызықты және тиімді өткізуге тырыстым. Бұл оқушылардың пәнге деген қызығушылығына оң әсерін тигізуде. Мысалы, математика сабағында «Ойлан, жұптас, бөліс» әдісін қолдану өте тиімді екенін байқадым.

Білім сапасын арттыру мақсатында мектебіміздегі мұғалімдермен «Оқыту үдерісінде оқушы әрекетін зерттеуді «Lesson Study» тәсілі арқылы үйрену» тақырыбында коучинг-сессия өтті.

Жоғрадығы өткізілген іс-шаралардан алған нәтиже бойынша мектебіміздегі экспериментке қатысты сыныптарға сабақ беретін мұғалімдермен үнемі тығыз байланыс жасап отырдық.

Осы сыныпты бөлім бойынша жиынтық бағалау және тоқсандық жиынтық бағалау кестеге сәйкес алынып І-тоқсан қорытындылады. Нәтижеде І-тоқсан бойынша білім сапасы 55% құрады.

Осылайша әр сабақты тиімді және табысты өткізу үшін сабақтың өтуіне оң ықпалын тигізетін әдіс-тәсілдерді қолданумен келемін. Нәтижеде ІІ-тоқсан бойынша, бөлім бойынша жиынтық бағалау және тоқсандық жиынтық бағалау кестеге сәйкес алынып білім сапасым 59% көрсетті

Сыныптағы бағалау тек қана техникалық тәсіл

емес. Мұғалімдер жазбаша немесе ауызша түрде баға қою жолымен бағалайды. Олар қолданатын кез келген нысанның артында объективті немесе жеткілікті дәрежеде объективті емес нормалар мен стандарттар ғана емес, сондай-ақ баланың дамуы, оқуы және ынтасы туралы түсінік, сонымен қатар өзін-өзі бағалау, қабілеттілік және күш-жігер сияқты ұғымдарға қатысты құндылықтар жатады (Александр, 2001).

Бағалау – одан арғы оқу туралы шешімді қабылдау мақсатымен оқытудың нәтижелерін жүйелі түрде жиынтықтауға бағытталған қызметті белгілеу үшін қолданылатын термин . Қалыптастырушы бағалау әрбір сабақта оқушының тақырыпты меңгертуге, білім дамытуға ықпал ететін оқу мен оқытуды жетілдіреді. Олар қалыптастырушы бағалаудың түрлі әдіс-тәсілдері мен кері байланыстың түрлері. 6 сыныппен математика пәнінде сабақтарымда жүргізілетін зерттеу сұрағым: «Топтық және жеке жұмыстарда қалыптастырушы бағалауды тиімді қолдану қалай ықпал етеді?». Ең алдымен бағалау түрлерін әрбір сабағымда тиімді қолдана алуды назарға алдым. Бағалау түрлері: бақылау, интерпретация, қорытынды. Әрбір сабақта жаңа сабаққа кіріспе, жаңа сабақты меңгерту, жаңа сабақты бекіту кезеңдерінде қолданылатын әдіс- тәсілдер қалыптастырушы бағалаудың түрлерін қамтиды. Топтық немесе жұптық жұмыстар берілгенде, оқушылардың бірлескен жұмысы кезінде оқушыларымның тапсырманы қаншалықты түсінгенін, оны ортада талқылауын: оқушы оқушыға түсіндіруі, топтың кедергіге тап болуы немесе мұғалімнен көмек сұрауы, мұғалімнің топтық жұмыстың алға жылжуына бағыт беруі барлығы жіті бақылау арқылы тиімді іске асырылып отырды. Бақылау арқылы сабақтың бір кезеңінің сәтті өтуіне рефлексия жасай алдым. Ендігі кезең оқушылардың бірлескен жұмыс нәтижесін ортада қорғау интерпретация немесе жекелеген оқушылардың логикалық қорытынды жасауы. Бұл кезеңде оқушыларымның сабағымды қаншалықты игере алғанын, оны оқулық немесе ресурстағы нақты мәліметтер ғана арқылы көрсетпей өзіндік танымы мен көзқарастары, интернет материалдары, логикалық ойының нәтижесін көрсете алады. Білім алушы оқушыларымның сыни ойлауы дамиды. «Мерсер сыныпта талқылаудағы дәлелдің үш түрін анықтады, олар:

— пікірталастық әңгіме, оқушылар бәсекеге қабілетті, басқа адамдардың көзқарасын қабылдауды қаламайды;

— кумулятивтік әңгіме, мұнда оқушылар бір-бірінің үлесін сынамайды және сындарлылыққа негізделеді;

— зерттеушілік әңгіме, ұсыныстар жайында күмән туып, қарсы дау айтылып, негізделген дәлел мен сыни тұрғыдан ойлау арқылы жалғасады (Merse, 2000)» . Осы әңгіменің үш түріндегі зерттеушілік әңгіме есеп шартын оқып, оның шешу жолдарын бірлесіп талқылау барысында жиі орын олады. Осы жерде алынған мәліметтерге интерпретация жасау

арқылы шешу жолдарын анықтап, бірлесе отырып, шешуге бағытталады. Оқушыларыма берілген міндеттер (тапсырмалар) есте сақталып, оқушының қызығушылығын арттыру үшін олардың қабылдауы мен дағдыларына сай тапсырмалар қарастырамын. Олай болмаған кезде «Мұғалім оқушыларда Чиксентмихай (2008) «өзіндік мақсат» деп атайтын және Райан мен Деки (2009) «ішкі уәж» деп атайтын қасиеттердің болуына жағдай жасауға тырысуға тиіс. Басқаша айтқанда, оқушылар өзін-өзі ынталандыра алады және осыған орай, оларда ұмтылыс пен қызығушылық пайда болады. Оқушыларымының жұмыстары бақыланып, олардың жұмысқа тиімді немесе логикалық қорытынды жасауына мен емес енді оқушылардың өзі баға беріп, қорытынды жасайды», - деп Топтарға бірілген тапсырма топ мүшелерінің қорғауының нәтижесінде, енді өзара кері байланысқа ұласады. «Оқушының білім алуын қолдау үшін сұрақ қоюдың түрткі болу, сынақтан өткізу және қайта бағыттау сияқты әртүрлі техникаларын пайдалануға болады». Оқушылар арасында бірін- бірі жақсы тыңдау мен түсінудің нәтижесінде енді көкейде туындаған сұрақтар қойылады. Бұл оқушылардың қаншалықты сабақты меңгеруге ұмтылысын, танымын, өзара бағалауына ықпал етеді. Блум токсонмиясы ойлау деңгейінің алты сатысы білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау бөлімдері бойынша қойылған сұрақтар оқушының даму деңгейі мен білімді қалыптастыруға, білімді ары қарай дамытуға қалай ықпал етемін деген сұрақтарыма жауап аламын. Топтық жұмыстар барысында көбіне білу, түсіну, қолдану, талдау сұрақтары қойылып, сол сұрақтар төңірегінде пікірлесіп, ортақ шешімге келсе, ал жинақтау мен бағалау сұрақтары топтық жұмысты қорғау, жұмыс нәтижесінің бағалануы кезінде топтар арасында қойылады.

«Оқытуды диалогтік тәсілмен дамытудағы сұрақтардың маңызын қарастыратын болсақ, сұрақ қою арқылы мұғалім:

1 -оқушыларды тақырып бойынша және сындарлы сөйлеуге ынталандырады;

2 -оқушылардың шынайы қызығушылығы мен сезімдерін анықтайды;

3 -білімге құштарлықты дамытады және зерттеуге ынталандырады;

4 -оқушыларға білімін қалыптастыруға және вербалдандыруға көмектеседі;

5 -оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауына ықпал етеді;

6 -оқушыларға сыни тұрғыдан ойлауға көмектеседі -оқушылардың бір-бірінен үйренуіне, басқа оқушылардың идеяларын құрметтеуіне және бағалауына ықпал етеді;

1 -әңгімелесу және ой елегінен өткізу көмегімен ойын жинақтауға көмек береді, іс-әрекеттерін

2 тереңдетеді және шоғырландырады;

3 оқытудағы қиындықтар мен түсінбестіктерді анықтайды»

5Б сыныппен жүргізіліп жатқан математика сабағындағы білім беру сапасын арттыру мақсатында

жүргізіліп жатқан зерттеу жобамның негізгі бағыты осындай теориялар мен оқыту мен оқуды жақсатудың жолдарына негізделген. Сындарлы оқытудың теориялық негіздеріне сүйене отырып әрбір сабағымды сыни ойлана отырып, оқушылардың білімінің қалыптасуына ықпал ететін әдістерді қолданып өтуімнің нәтижесінде, оқушыларым айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізді. Олар, ортақ проблеманы шешуде бірлесіп жұмыс істей алды, әдіс-тәсілдерді қолданып, ойлау дағдыларын, оны жеткізу дағдылары қалыптасты. «Автор орындығында» ойқорытса, «Алты қалпақ», «кубизм», «балық қаңқасы», «Болжау кестесі», «Фрайер», «температура өлшеу» т.б әдістер арқылы тапсырмаға логикалық қорытынды, интерпретациялар жасап, «Соңғы бес минут», «Тарсия», «Сэнгвич», «Плюс, минус, қызықты», «Білдім, білгім келеді, үйрендім» т.б тәсілдер арқылы сабақты меңгеру деңгейіне кері байланыстар жасап, «Блоб ағашы», «Табыс сатысы», «Күн, бұлт, жауын» т.б кері байланыс түрлеріне дағдыланып, өздерін өздері бағалай алды. Білім беру сапасын арттыру бағытында жүргізілген зерттеу жұмысымының барысында кедергілерге де кезіктім. Соның бірі оқушылар жаңа сабақты игерту мақсатында жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде сабақ мақсатын өздері қойып, бүгін не үйренетінін анықтағанмен, жаңа сабақты игеру барысында топтық жұмыста белгіленген уақыт жетпей қалды. Оның себебі, оқушыларға сабақ материалының қиындығы мен бұған дейін таныс болмауы әсер етті. Бұл кедергіден шығар жолдың бірі ұстаз Асхат Алимовтың мақаласындағы үй тапсырмасын берудегі «төңкерілген әдіс» түрін қолдану дұрыс деп таптым. Оқушыға келесі жаңа сабақ материалы үйден оқуға немесе сол тақырып пен өткен тақырыпты байланыстыратын тапсырмалар беріледі. Оқушы ізденіп, оқып келсе жаңа сабақта берілген ресурсты оңай қабылдап және тобындағы достарына да түсіндіре алып, топ жұмысын сәтті қорғай алады. Үйден жақсы дайындықпен келген оқушы басқа топтардың да жұмысын ыждақатты тыңдап, өзіндік сұрақтарын қойып, дұрыс баға бере алады. Екінші кедергі, оқушылардың математикалық сөйлеу дағдысының төмен болуы. Негізі математикалық есептер оқушыны алдымен үнсіз тыныштыққа, яғни жеке ойлануына әкеледі. Сондықтан сол жеке ойлауға дағдыланған оқушыларымыз ортақ пікірлесу мен талқылауға келгенде қажетсіз деп түсінді. Бірақ ылғи сөйлейге, белсенді оқушыны ғана тартпай, үнсіз ойлану мен есептеуге үйір оқушыларды қалыптастырушы бағалау арқылы ортаға тартып, аз ғана жетістігі мен талпынысын көтермелеу арқылы белсенділігін арттырдым. Осымен тоқталатын жоба емес, әлі зерттеу мен шешімін табу керек кедергілер кездеседі. Әрбір сабағымда өз жұмысыма рефлексия жасап, әріптестерімді сыншы дос ретінде сабағымға шақырып, қалыптастырушы бағалауға жақсы әдіс-тәсілдерді іздестіріп, білім берудің сапасын арттыру жолында жұмыстар жасай беремін.

Елбасының 2017 жылы 13 сәуірде жарияланған «

Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» баяндамасында 21 ғасырдағы Ұлттық сана туралы бөлімінде әрбір Қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бірнеше бағытын атап көрсетті, соның бірі бәсекеге қабілеттік деп, халықаралық деңгейге жетудің жолдарын, олар үштілділік, компьютерлік сауаттылық пен мәдени ашықтық деп көрсетті. Сондықтан балаға білім беруде негізгі математикалық терминдердің үш тілді мағынасын ашып көрсетіп, үйретсек, оқушының өмірде қолданысқа енгізуде, ізденуіне пайдасын тигізері сөзсіз. Ол үшін, әрине, біз өзіміздің тілді меңгеруге деген қажеттілігімізді туындатады. Компьютерлік сауаттылыққа бүгінде 75 % мұғалімдер сауатты деп ойлаймын, математика сабағында электронды оқулықтар мен bilimland.kz сияқты сайттарға кіріп, математика, алгебра, геометрияның әрбір сабағына теориялық материалдар, видеолар, тестер, тапсырмаларды орындап, өзін-өзі бағалауына мүмкіндік беретін тапсырмаларды орындатып жүрмін. Мәдени ашықтық – ол да заман талабы деп білемін. Өз ойын ашық айту, түсінбесе сұрақ қоюға дағдыландыру, түсінсе зерттеушілік әңгімеге негіз болар сұрақтар дайындауға үйрету, баланың танымын кеңейтіп, өмір туралы түсінігін дамытады. 4- бағыты : білімнің салтанат құруы деп көрсетілген. « Білімнің салтанат құруы білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет. Тәуелсіздік жылдарында қыруар жұмыс жасалды. Біз он мыңдаған жасты әлемнің маңдай алды университеттерінде оқытып, дайындадық. Бұл жұмыс өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында қолға алынған «Болашақ» бағдарламасынан басталды. Елімізде

өте жоғары деңгейдегі бірқатар университеттер ашылды, зияткерлік мектептер жүйесі қалыптасты. Басқа да көптеген іс тындырылды. Дегенмен, білімнің салтанаты жалпыға ортақ болуға тиіс. Оның айқын да, бұлтартпас себептері бар. Технологиялық революцияның беталысына қарасақ, таяу онжылдық уақытта қазіргі кәсіптердің жартысы жойылып кетеді». Бұл бағытта еліміздегі ұстаздар қауымының үлесі зор деп есептеймін. Бүгінгі жаңартылған білім беру жүйесіне көшу бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар соның дәлелі.

Жаңа бағдарламаның мәні, баланың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде пайдалана білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Оқушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Бірінші ілгері деңгей. Екінші басылы
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші деңгей
3. Білім туралы Заң. Астана. Ақорда. 2007ж. 27 шілде. №319-III ҚР
4. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» Н.Назарбаев 13.04.2017 жыл

БҚО Орал қаласы

М.Мәметова атындағы №27 мектеп-лицейі

Математика пәні мұғалімі, М.Өтемісов атындағы БҚУ магистранты

Сатыбалдина Айнур Гилмановна



ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУДЫ ДАМУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ОҚУ ТАПСЫРМАЛАРЫНЫҢ ЖҮЙЕСІ

«Логикалық ойлау» дегеніміз – логика заңдылықтарын пайдалана отырып, ой-пікірлерді, тұжырымдарды қолдануға негізделген ойлаудың бір түрі.

Логика жалпы логикалық тәсілдерді (әдістерді) зерттейді. Логикалық әдістер адамның нақты өмірді тануында өте қажетті құрал болмақ.

Логикалық есептерді ойлап шығарудың әдіс-тәсілдері оқушының ақыл ойын тәртіпке келтіреді. Логикалық ойлауға үйретеді. Әсіресе, логикалық есептерді шығару - баланың ой-өрісін дамытатын негізгі құрал.

Логикалық есептерді шығарудың басты мақсаттарының бірі – оқушының тереңнен ойлауын, жан-жақты ізденуін дамытады және қазіргі халықаралық талаптар деңгейінде күнделікті өмірде математиканы еркін пайдалана алуға бастауыш сыныптан бастап үйренеді.

Оқушы бойында білім нұры тасып, сыныптан сыныпқа көшкен сайын оқушының ішкі дүниесі, сыртқы ортамен байланысты дамып, оқушы дүниетанымы арта түсуі анық.

Қазіргі заманғы педагогикалық ой-тұжырымдарда

оқушының жеке тұлғалық күшін дамыту, оның шығармашылық мүмкіндігінің дамуы басты рөл атқарып отыр. Олай болса, қазіргі ұстаздар қауымының алдындағы үлкен мақсат - өмірдің барлық саласындағы белсенді шығармашылық іс-әрекетіне қабілетті, еркін және жан-жақты жетілген тұлға тәрбиелеу. Өмірдегі сан алуан қиыншылықтарды шеше білу тек шығармашыл адамның қолынан келеді. Шығармашыл тұлғаның бойындағы батылдық, еркіндік, ұшқырлық, сезімталдық сияқты қасиеттермен қатар ерекше ой қызметі, қайшылықтарды түсіну, заңдылықтарды анықтау, шығармашылыққа деген құштарлық болу керек.

Баланың логикалық ойлауы арқылы тілін дамыту үшін, мұғалімге оның ториясын терең білу міндеті жүктеледі.

Логикалық ойлауды дамытудың кестесі арқылы тіл тіл дамыту жолдарының кестесін жасауға болады.

Логикалық есептер оқушылардың танымдық қасиетін дамытып, математикаға қызығушылығын арттырады. Логикалық есептерді шешу үшін бағдарламалардан да басқа кітаптардан көп іздену керек.

Әрбір есепті шғару үшін мынаны есте сақтау керек.

Әрбір есепті шығарған кезде уақытпен санаспай оған барлық мүмкіндік пен күшін салу.

Есептерді шығарған кезде оның шығару жолдарына жете зер салып, оларды шешудің тәсілдері мен әдістері ерекшеліктеріне, есептерді талдаудың жолдарына, дәлелдеуге тырысу.

Есепті шығару үшін өз біліміне, барлық күш – жігеріңе сену керек

Шығара алмаған есепті шыдамдылық пен қажырлық көрсетіп, есепті қайта-қайта шығарудан тайынбау.

Қызықты есептерді, логикалық есептерді шығару

Баланың іс-әрекетіне жағдай тудыру дегеніміз - баланы ойлай білуге үйрету болып табылады. Мектеп табалдырығын жаңа аттаған бүлдіршіннен шығармашылық іс-әрекетті талап етпестен бұрын соған үйреткен дұрыс. Ойлап үйрену үшін оқушының зейінін тұрақтандыру, интеллектісін дамыту керек. Оқу материалын балалардың ойлау қабілеті жетерліктей жас ерекшеліктерін ескере ұйымдастырса ғана, оның ойлау қабілетінің дамуына мүмкіндік туады. Сондықтан да мұғалім балаларды үнемі ойланып оқуға бағыттауы тиіс, бұған оқу үрдісін жүйелі ұйымдастыру, сабақта бала логикасын (шығармашылығын) дұрыс дамыта алатын мүмкіндіктерді мол пайдалану арқылы жетуге болады. Бастауыш сынып баланың логикалық ойлауын дамытудың негізгі кезеңі деп есептеледі. Өйткені логикалық ойлау кейінірек бейнелік ойлаудың негізінде қалыптасады, ауқымы кеңірек мәселелерді шешуге ғылыми білімдерді меңгеруге мүмкіндік береді, іс-әрекетінің қалыптасуының өте ыңғайлы кезеңі - оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамыту, білімді, дағдыны және шеберлікті белсенді меңгеру үрдісін мақсаты бағытталған түрде басқару, оқушылар танымының қажетті әдістері мен тәсілдерін қамтамасыз етеді. Әйтсе де бұл баланы қайткенде де неғұрлым ертерек логикалық «жолға» шығару дегенді көрсетпейді. Біріншіден, ойлаудың логикалық формаларын игерудің өзі ойлаудың логикалық жетілген бейнені формалары ретінде игерілмейінше, толық құнсыз күйде қалып отырады. Дамыған көрнекі схемалық ойлау баланы логика табалдырығына жеткізеді. Екіншіден, логикалық ойлауды игеріп болғаннан кейін, бейнелік ойлау өзінің мәнін ешбір жоғалтпайды. Шығармашылық жаттығулар ұсынылғанда, балалардың алдындағы мақсатқа өзіне мәлім әрекет тәсілімен жете алмайтын проблемалық жағдай пайда болып, ол баланың интеллектуалдық қиналуын туғызуы мүмкін. Осының барысында бала жаңа әрекет тәсілін іздестіру бағытындағы шығармашылық сипаттағы іс-әрекеттер орындауға талпынады. Шығармашылық тапсырмалар балалардың жаңа бір нәрсені ашуы, яғни оқушы өзін белгілі бір жаналықтардың авторы ретінде сезінеді. Бұл оған белгілі бір пән төңірегіндегі қызығушылығын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Яғни, оқушыны өзіне тарта, баули түседі. Мектепалды даярлық балаларының логикалық ойлау қабілетін дамытуға бағытталған стандартты емес тапсырмаларды шығармашылық жаттығулар деп атаймыз. Сондықтан шығармашылық жаттығуды ұдайы жүргізе отырып біз оқушылардың тек пәнге деген қызығушылығын ғана емес, логикалық ойлауын да дамыта аламыз. Ой әрекеті барысында адам қоршаған дүниені танып білу үшін ерекше айқын қызметін орындайды. Бұл нақты қызметіне талдау, біріктіру, салыстыру, дерексіздендіру, нақтылау және қорытындылау арқылы жүзеге асырылады.

Талдау - бұл оймен бүтінді жіктеу немесе бүтіннен оның қырларын, әрекет не қатынас бірліктерін бөліп алу, қарапайым формадағы талдау әрқандай затты практикалық қажеттілікке орай құрама бөлшектерге ажырату.

Логикалық тапсырмалар арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту үш негізгі бағытта іске асырылады:

қызығушылығын арттыру;
ойлау және қабылдау қабілетін дамыту;
шығармашылық ізденісін дамыту.

логикалық тапсырмалар арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру мақсатына негізделген дәріс моделін құрастыруға болады.

Оқу процесінде есеп шығару математиканы оқыту мақсаты ретінде де, оны оқыту әдісі ретінде де бой көрсетеді. «Математикалық есеп дегеніміз -математикадағы заңдылықтар, ережелер мен тәсілдер негізінде оқушылардың ойы мен іс-әрекетін талап ететін және математикалық білімді меңгеруге, оларды практикада қолдана білуге дағдыландыруға, ойлау қабілетін дамытуға бағытталған ситуация». Сондықтан есеп шығару математикалықұғымдарды қалыптастырып, байытуға оқушылардың математикалық ойлауын өрісіейіе, білімдерін практикада қолдануға, табандылық, ізденгіштік, еңбек сүйгіштік қасиеттерін тәрбиелеуге жол ашады. Сонымен бірге, есеп шығару процесінде оқушылар практикалық біліктер мен өмірде өздеріне керекті дағдыларды игерсді пайдалы фактілермен танысады. –Өмірде жиі кездесетін шамалардың арасындағы байланыстар мен тәуелділіктерді тағайындауға үйренеді. Математикалық есептер: а) жаңа математикалық ұғымдар мен мағлұматтарды үйрету; ә) практикалық іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыру; б) білімнің тереңдігі мен жаяндылығын тексеру; в) проблема қою және проблемалық ахуал туғызу; г) материалды пысықтау, жалпылау және қайталау; д) оқушылардың шығармашылық қабілетін тәрбиелеу үшін пайдалынады.

Есеп оқушыларды жаңа математикалық біліммен қаруландырып, қалыптасқан іскерліктері мен машықтарын жүйелеуге және нақтылауға көмектеседі. Бастауыш сыныпта арифметикалық және геометриялық мазмұнды құрылымы күрделі емес есептер қолданылады.

Математиканы оқытудың жалпы системасында есептер шығару тиімді жаттығулардың бір түрі болып

табылады.

Есептер шығарудың ең әуелі балаларда толық бағалы математикалық ұғымдарды қалыптастыруда, олардың бағдарлама анықтап берген теориялық білімді игеруде өте маңызды мәні бар.

Егер біз оқушыларда қосу туралы дұрыс ұғым қалыптастырғымыз келсе, онда балалар іс-жүзімде жиындарды біріктіру операциясын әрдайым орындай отырып қосымдыны табуға арналған едәуір көп жай есептер шығарулары қажет. Мысалы, мынадай есеп ұсынылады: «Қыз баланың 4 түсті және 2 жай қарындашы бар еді. Қыз баланың барлығы қанша қарындашы бар еді?» Есептің шартына сәйкес балалар, мысалы, 4 таяқшаны қояды да, содан кейін тағы 2 таяқшаны жанына тақап қояды да, барлығы қанша таяқша болғандығын санайды. Бұдан кейін есепті шығару үшін 4-ке 2-ні қосу керектігі анықталады, нәтижесі -6 шығады. Осы сияқты жаттығуларды бірнеше рет орындай отырып, балалар қосу амалы туралы ұғымды біртіндеп игере бастайды. Мысалы, амалдардың белгісіз компонентін табуға арналған (белгісіз қосылғышты, азайтқышты т.с.с. табу) есептерді шығара отырып, балалар арифметикалық амалдардың компоненттері мен нәтижелері арасындағы байланысты ұғынады.

Сонымен, есептер балаларда жаңа білімді қалыптастыратын және бұрыннан бар білімдерін пайдалану процесінде пысықтала түсетін нақтылы материал болып табылады. Білімді қалыптастыруға арналған нақтылы материал ролін атқара отырып, есептер теорияны практикамен, оқытуды өмірмен байластыруға мүмкіндік береді. Есептер шығару балаларда, әрбір адамға оның күнделікті өмірінде қажетті, практикалық білікті қалыптастырады.

Есептерді шығару процесінің өзі белгілі бір әдістеме бойынша мектеп оқушыларының ақыл-ойының дамуына өте игі әсерін тигізеді. Мысалы, кез келген есепті шығарғанда оқушы анализ орындайды: сұрақты - шарттан берілген және ізделіп отырған сандарды ажыратады; есеі шығару жоспарын орындай отырып, ол синтезді орындайды, мұнда нақтылауды (ойша есептің шартының «суретін» салып шығады), содан кейін абстракциялауды (нақтылы жағдайдан ауытқып, арифметикалық амалдарды тандап алады) пайдаланады; қандай да бір түрдегі есептерді бірнеше рет шығару нәтижесінде оқушы осы сияқты есептердегі берілген мәліметтер мен ізделіп отырған шама арасындағы байланыс жайлы білімді жалпылайды, оның нәтижесінде осы сияқты есептерді шығару тәсілі жалпыланады.

Бастауыш сынып математикасын оқыту дәрежесінің жоғары болуының бірден-бір жолы оқушыларды есеп шығаруға үйрету. Есеп адам өмірінде, жалпы қоғамның өмір сүруі үшін де аса маңызды роль атқарады. Есептерді шығару, оның жолын табу, тапқырлыққа, қиындықты жеңе білуге, өзіне және өзінің маңайындағыларға сын көзбен қарауға үйретеді. Есепті шығару жолын өздігінен таба білу оқушылардың өз жұмысына шығармашылық тұрғыдан қарауына, жаңашылдықты

қалыптастыруына көмектеседі.

Есепті шығару - шығару жоспарын жасағанда тандап алған арифметикалық амалдарды орындау. Мұнда әр амалды орындағанда нені табатынымызды түсіндіріп отыру міндет. Есепті шығару ауыпша да жспбпшп да орындалуы мүмкін. Ауызша шығарғанда сәйкес арифметикалық амалдар және оны түсіндіру ауызша орындалады. Шамамен барлық есептердің жартысын шығару бастауыш сыныптарда орындалуы тиіс. Мұнда балаларды орындалып отырған амалдарға дұрыс және қысқаша түсінік беруге үйрету керек.

Жазбаша шығарғанда амалдар жазылады, ал олардың түсініктемесін оқушылар не жазады немесе ауызша айтады.

Математиканы оқытудың әрбір кезеңінде оқушылардың бағдарламалық материалды оқып үйренуі олардың алдыңғы сыныпта оқып үйренгенде қабылдаған терең де берік білімдеріне, іскерліктеріне және дағдыларына, сонымен бірге, математиканы оқытудағы қызығушылығын дамытуда да байланысты болады.

